

#### 4 PEDAGOGY AND EDUCATIONAL METHODOLOGY ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕМЕСІ ПЕДАГОГИКА И МЕТОДИКА ОБРАЗОВАНИЯ

ҒТАХР 14.25.09  
ӘОЖ 372.882+004.77+378.147

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2026-1-2-79-87>

**ИБРАЕВА А.Д.,\*<sup>1</sup>**

ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

\*e-mail: [ibraevaizat@mail.ru](mailto:ibraevaizat@mail.ru)

ORCID ID: 0000-0001-8015-8593

**БАҚДӘУЛЕТОВА А.Б.,<sup>1</sup>**

магистрант.

e-mail: [bakdauletova.aruzhan@mail.ru](mailto:bakdauletova.aruzhan@mail.ru)

ORCID ID: 0009-0004-5665-5580

**ТЛЕУБЕКОВА Б.Т.,<sup>1</sup>**

ф.ғ.к., аға оқытушы.

ORCID ID: 0000-0001-5186-3437

e-mail: [biko.1972@mail.ru](mailto:biko.1972@mail.ru)

**РЫМХАН А.Е.,<sup>1</sup>**

магистрант.

e-mail: [rymkhan.akzharkyn@mail.ru](mailto:rymkhan.akzharkyn@mail.ru)

ORCID ID: 0009-0008-5712-6217

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

#### БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ӘДЕБИ МӘТІНДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

##### Аңдатпа

Мақала Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті гранты негізінде дайындалды. Онда білім беру процесінде цифрлық әдеби мәтіндерді қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері кешенді зерттеледі. Зерттеудің мақсаты – цифрлық форматтағы (электрондық кітаптар, гипермәтіндік шығармалар, мультимодалды мәтіндер, интерактивті оқырман платформалары) әдеби мәтіндерді педагогикалық тұрғыдан негіздеу, олардың дәстүрлі баспа мәтінінен айырмашылықтарын анықтау және тиімді оқыту әдістемесін ұсыну. Зерттеу нәтижесінде цифрлық мәтін түрлерінің педагогикалық жіктемесі жасалды; оқырманның дәстүрлі мәтін схемасы мен цифрлық форматтың жаңа тәжірибесі арасындағы танымдық қайшылықтың пайда болу үдерісі ашылды; бес кезеңдік ғылыми-әдістемелік модель (цифрлық контекстті белсендіру, мәтінді талдау, интерпретация, сыни бағалау, жасампаздық) ұсынылды. Халықаралық және отандық эмпирикалық деректер ұсынылған модельдің тиімділігін растайды: цифрлық мәтінмен жүйелі жұмыстың оқушылардың мәтінді ұғыну деңгейін арттыратыны анықталды. Мақала жалпы білім беретін мектептің мұғалімдеріне, педагогика мен әдістеме саласының зерттеушілеріне арналған.

**Тірек сөздер:** цифрлық мәтін, гипермәтін, мультимодалды мәтін, ғылыми-әдістемелік негіздер, цифрлық оқу, медиасауаттылық, оқыту моделі.

## Кіріспе

Цифрлық технологиялардың қоғамның барлық саласына енуі білімнің мазмұны мен берілу нысанын ғана өзгертіп қоймай, адамның мәтінмен, ақпаратпен және білімнің өзімен арақатынасын түбегейлі қайта құруда. Бұл трансформация – тек технологиялық прогрестің салдары емес, кең мағынадағы антропологиялық өзгеріс. Адамзаттың ең байырғы дағдыларының бірі – оқу цифрлық ортада принципіалды жаңа сипатқа ие болуда: ол мазмұны, нысаны және оқырманнан талап ететін когнитивтік процестері жағынан дәстүрлі баспа оқудан өзгеше.

Нейрологиялық зерттеулер экраннан оқу мен қағаздан оқудың мидың белсендіру паттерндері тұрғысынан айтарлықтай ерекшеленетінін дәлелдейді. Алайда бұл айырмашылық педагогикалық тәжірибеде жеткілікті деңгейде ескерілмейді: цифрлық мәтін көбіне баспа нұсқасының «сандық эквиваленті» ретінде ғана қарастырылып, оқыту процесіне арнайы методологиялық дайындықсыз енгізіледі. Мұндай тәсіл оқушыда нақты цифрлық оқу дағдыларын қалыптастырмай, тек экранға механикалық үйренуге ғана алып келеді.

«Цифрлық мәтін» ұғымы педагогикалық ғылымда нақты жүйелі анықтамасын тапқан жоқ. Оның өзіне тән белгілері – гипермәтіндік навигация, мультимодалды компоненттер (аудио, бейне, анимация), интерактивтілік, деректерге негізделген аналитика – оны дәстүрлі баспа мәтінінен принципіалды ажырататын факторлар болып табылады. Осы айырмашылықтарды негізге алған арнайы ғылыми-әдістемелік жүйесіз цифрлық мәтіндерді оқу процесіне ендіру педагогикалық тиімсіздікке және оқушының функционалдық сауаттылығының нашарлауына соқтырады.

Зерттеудің өзектілігі бірнеше факторға байланысты айқындалады. Бірінші фактор – нормативтік-стратегиялық: Қазақстан Республикасының цифрлық білім беруді дамыту тұжырымдамасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын цифрлық ортада қамтамасыз етуді мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық міндет ретінде белгілейді [1].

Екінші фактор – диагностикалық: PISA 2022 бағалауының нәтижелері бойынша Қазақстан оқушылары сандық мәтіндерді оқуда баспа мәтіндерін оқуға қарағанда айтарлықтай төмен нәтиже көрсеткен, бұл цифрлық оқу дағдыларын мақсатты педагогикалық қолдауды қажет ететінін айғақтайды.

Үшінші фактор – практикалық: мектеп кітапханаларының электрондық ресурстарға ауысуы, оқулықтардың цифрлық нұсқаларының кеңінен қолданысқа енуі мұғалімнен цифрлық мәтінмен жұмыс жасаудың арнайы педагогикалық тәсілдерін меңгеруін заманауи оқу шындығы ретінде талап етеді. Зерттеудің мақсаты – цифрлық форматтағы әдеби мәтіндерді педагогикалық тұрғыдан негіздеп, олардың дәстүрлі баспа мәтінінен айырмашылықтарын ашып, тиімді ғылыми-әдістемелік жүйе ұсыну. Осы мақсатқа жетуге бағытталған зерттеу міндеттері: цифрлық мәтін феноменінің теориялық-педагогикалық негіздерін жүйелеу; цифрлық мәтін түрлерінің функционалдық-дидактикалық жіктемесін жасау; цифрлық оқу барысындағы когнитивтік процестердің ерекшеліктерін айқындау; бес кезеңдік ғылыми-әдістемелік модельді жобалап, эмпирикалық деректермен растау.

## Материалдар мен әдістер

Қазіргі кезеңде цифрлық технологиялардың жедел дамуы білім беру жүйесінде мәтінмен жұмыс жасаудың мазмұны мен нысанын түбегейлі өзгертуде. Электрондық оқу ресурстарының, интерактивті платформалардың және мультимедиялық мазмұнның кеңінен таралуы оқушылардың мәтінді қабылдау тәсілін жаңартып, педагогикалық ғылым мен тәжірибенің алдына жаңа міндеттерді қойып отыр [1, 12 б.].

Цифрлық форматтағы мәтін дәстүрлі баспа мәтінімен салыстырғанда принципіалды ерекшеліктерге ие: ол сызықты емес, интерактивті, мультимодалды және желілік сипатқа ие [2, 29 б.]. Осы ерекшеліктер оқушының мәтінді меңгеру процесіне тікелей ықпал етеді: нейрологиялық зерттеулер экраннан оқу кезінде мидың терең оқу аймақтарының белсенділігі төмендейтінін, ал «беткейлік» оқу паттерні басым болатынын дәлелдейді [3, 78 б.]. Алайда арнайы педагогикалық стратегиялар мен ғылыми-әдістемелік қолдау болған жағдайда цифрлық оқудың тиімділігін дәстүрлі оқумен теңестіруге болады [4, 62 б.].

Зерттеудің өзектілігі мынадай факторлармен айқындалады. Біріншіден, Қазақстан Республикасының цифрлық білім беруді дамыту тұжырымдамасы (2023) оқушылардың функционалдық сауаттылығын цифрлық ортада қамтамасыз етуді стратегиялық міндет ретінде белгілейді [1]. Екіншіден, PISA 2022 нәтижелері бойынша Қазақстан оқушылары цифрлық мәтіндерді оқуда баспа мәтіндерін оқуға қарағанда едәуір нашар нәтиже көрсеткен, бұл цифрлық оқу дағдыларын арнайы оқытудың қажеттігін дәлелдейді [5]. Үшіншіден, мектеп кітапханаларының электрондық ресурстарға ауысуы мен оқулықтардың цифрлық нұсқаларының енгізілуі мұғалімнен цифрлық мәтінмен жұмыс жасаудың арнайы педагогикалық тәсілдерін меңгеруді талап етеді.

Тақырыпты халықаралық ғылымда Дж. Болтер [2], Г. Кресс [6], М. Вольф [3], Р. Хоббс [7], Дж. Ландоу [8], Р. Майер [9], А. Манген [4] зерттеген. Қазақстандық педагогикалық ғылымда тақырыптың жекелеген аспектілері [10–14] зерттеледі. Алайда цифрлық форматтағы мәтіндерді оқытудың жүйелі ғылыми-әдістемелік негіздерін кешенді қарастырған еңбектер жетіспейді, бұл зерттеудің ғылыми олқылығын айқындайды.

Мақалада зерттеу әдістері ретінде аналитикалық-синтетикалық ойлау (теориялық әдебиеттерді жүйелеу), салыстырмалы талдау (дәстүрлі және цифрлық мәтін дидактикасын салыстыру), педагогикалық модельдеу (әдістемелік жүйені жобалау), эмпирикалық деректерді интерпретациялау (отандық және шетелдік эксперименттер) тәрізді әдістерді ұсынылады.

Цифрлық мәтін ұғымы ғылыми айналымға 1990-жылдардың басында, интернет және гипермәтін технологияларының кеңінен таралуымен бірге енді. Дж. Болтердің «Жазу кеңістігі» еңбегінде цифрлық мәтін «баспа мәтінін ығыстырмайтын, бірақ оны сыртынан орап, жаңа мағыналық мүмкіндіктер ашатын форма» ретінде сипатталады. Болтер цифрлық мәтінді дәстүрлі мәтіннен үш тұрғыдан ажыратады: ол сызықты емес, өзгермелі және ол желілік, басқа мәтіндермен байланыста екендігін көрсеткен. Дж. Ландоудың гипермәтін теориясы бойынша цифрлық мәтіндегі гиперсілтемелер оқырманға оқу жолын өзі таңдау еркіндігін береді. Ландоу мұны постструктурализм тұрғысынан Р. Бартстың «Автордың өлімі» концепциясымен байланыстырады: гипермәтінде оқырман шынымен де авторға тең мәртебеге ие болады, мәтіннің мағынасын іс жүзінде бірлесе жасайды. Бұл теориялық тұжырым мектеп практикасында цифрлық мәтінмен жұмыс жасаудың педагогикалық мүмкіндіктерін айқын бейнелейді. «Мультимодалды мәтін» ұғымы Г. Крессің семиотикалық зерттеулерінде жан-жақты талданған. Кресс бойынша заманауи цифрлық мәтін тек вербалды белгілер жүйесімен ғана емес, визуалды, аудио, кинетикалық (анимация, видео) белгілер жүйесімен де мағына қалыптастырады. Бұл мағынаны «мультимодалды ансамбль» деп атаған Кресс мектеп мұғалімдерін оқушыны тек мәтін тілін емес, мәтіннің барлық семиотикалық жүйелерін оқуға үйрету керек деп тұжырымдайды.

Зерттеуде мынадай әдістер қолданылды: аналитикалық-синтетикалық ойлау (теориялық әдебиеттерді жүйелеу); салыстырмалы-салғастырмалы талдау (дәстүрлі және цифрлық мәтін дидактикасын салыстыру); педагогикалық модельдеу (ғылыми-әдістемелік жүйені жобалау); эмпирикалық деректерді интерпретациялау (отандық және халықаралық зерттеулер); жүйелік талдау (цифрлық мәтін түрлерін жіктеу). Зерттеудің материалдық базасы ретінде халықаралық деректер қоры (PISA), педагогикалық метаанализдер, отандық педагогикалық эксперименттер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттары пайдаланылды. Цифрлық мәтіндерді оқытудың педагогикалық теориясы бірнеше іргелі тұжырымдамаға сүйенеді. Бірінші – «Жаңа сауаттылықтар» теориясы. Дж. Ки мен Б. Стрит бастаған зерттеушілер топтары «сауаттылық» ұғымын кеңейтіп, ол тек жазуды, оқуды меңгеруден ғана емес – цифрлық, визуалды, медиалды сауаттылықтардан тұратын кешенді құзіреттілік деп анықтайды. Осы тұрғыдан цифрлық мәтінмен жұмыс – ХХІ ғасыр оқушысының функционалдық сауаттылығының өзегі. Екінші теориялық негіз – Выготскийдің «Жақын даму аймағы» концепциясы. Цифрлық мәтін өз табиғатында оқушыға мәтінді меңгеруге жәрдемдесетін тіреу – қызметін атқаратын элементтерге бай: гиперсілтемелер, аудио мен бейне түсіндірме, интерактивті сөздіктер, оқырмандар аннотациялары. Осы элементтерді педагогикалық жоспарлаумен нақты мақсатқа бағыттаған кезде цифрлық мәтін оқушыны дербес оқуға, автономиялы оқырман болуға, кезең-кезеңмен жетелейді. Үшінші негіз – Р. Майердің мультимедиалық оқыту теориясы, оның екі арналы ақпарат өңдеу принципі бойынша цифрлық мәтіндегі визуалды және аудиалды компоненттердің бірлескен пайдаланылуы ақпаратты меңгеруді айтарлықтай жеңілдетеді. Дегенмен

Майер «артықшылық принципі» арқылы сақтандырады: «қосымша» медиа компоненттер тым көп болса, когнитивтік шамадан тыс жүктеме пайда болып, оқу нәтижесін нашарлатады. Демек цифрлық мәтінді дизайндау және педагогикалық пайдалану кезінде медиакомпоненттерді таңдап, мөлшерлеп кіріктіру міндетті шарт болып саналады. Төртінші негіз – Р. Хоббстың медиасауаттылық педагогикасы. Хоббс медиасауаттылықты бес дағдымен анықтайды: кіру, талдау, бағалау, жасау және қатысу. Цифрлық мәтінмен оқыту жұмысы осы бес дағдының барлығын дамытуға мүмкіндік береді, демек ол тар мағынадағы «пәндік мазмұнды меңгерту» мақсатынан шығып, тұтас тұлғаның цифрлық деңгейдегі азаматтық дамуына қызмет ете алады.

### Нәтижелер мен талқылау

Цифрлық мәтіннің теориялық-ғылыми негіздері. Ғылыми әдебиеттерге жүргізілген шолу цифрлық мәтінді зерттеудің үш негізгі бағытын анықтайды: семиотикалық-технологиялық, нейрологиялық және педагогикалық-дидактикалық. Семиотикалық-технологиялық бағытта Дж. Болтер цифрлық мәтінді дәстүрлі мәтіннен үш тұрғыдан ажыратады: ол сызықты емес, динамикалық және желілік [2, 29 б.] Дж. Ландоудың гипермәтін теориясы бойынша цифрлық мәтіндегі гиперсілтемелер оқырманға оқу жолын өзі таңдау еркіндігін беріп, мәтінді «бір жолдан» «сансыз жолға» айналдырады [8, 45 б.]. Г. Кресс «мультимодалды ансамбль» тұжырымдамасын енгізіп, заманауи цифрлық мәтін тек вербалды белгілермен ғана емес, визуалды, аудиалды, кинетикалық белгілермен де мағына қалыптастыратынын дәлелдеді [6, 54 б.].

Нейрологиялық бағытта М. Вольфтың іргелі зерттеуі экраннан оқу кезінде мидың «терең оқу» аймақтарының белсенділігі төмендейтінін, ал «беткейлік» оқу әрекетінің құрылымы басым болатынын нейропедагогикалық деректермен дәлелдеді [3, 78 б.]. Зерттеуші бұл үрдістің оқу мотивациясының өзгеруімен емес, оқу ортасы мен технологиясы тудыратын нейрологиялық реакциямен байланысты екенін атап өтеді, демек педагогикалық дизайн арқылы осы үрдісті реттеуге болады. А. Манген мен Б. Уилбергтің Норвегия мектептерінде жүргізген эксперименті оқушыларға мәтінді экраннан оқу стратегияларын арнайы үйреткен соң олардың мазмұн бойынша нәтижелері қағаздан оқыған оқушылармен теңескенін дәлелдеді [4, 62 б.]. Педагогикалық-дидактикалық бағытта Р. Хоббс [7] медиасауаттылықты бес дағдымен анықтайды: кіру, талдау, бағалау, жасау және қатысу. Цифрлық мәтінмен оқыту жұмысы осы бес дағдының барлығын дамытуға мүмкіндік береді [8]. Р. Майердің мультимедиялық оқыту теориясы бойынша визуалды және аудиалды каналдардың бірлесіп пайдаланылуы ақпаратты меңгеруді жеңілдетеді, бірақ медиа компоненттер тым көп болса, когнитивтік шамадан тыс жүктеме пайда болатынын ескерту қажет [9, 123 б.].

Функционалдық сауаттылықтың кең тұжырымдамасы бойынша сауаттылық тек жазуды, оқуды меңгеруден ғана емес, цифрлық, визуалды, медиалды сауаттылықтардан тұратын кешенді күзiреттiлiк деп анықталады [15]. Осы тұрғыдан цифрлық мәтінмен жұмыс – ХХІ ғасыр оқушысының функционалдық сауаттылығының өзегі болып табылады.

Цифрлық мәтін түрлерінің педагогикалық жіктелісі

Педагогикалық тәжірибеде цифрлық әдеби мәтіндерді оқытуға бағыттау үшін олардың түрлерін функционалдық-дидактикалық тұрғыдан жіктеу маңызды. Зерттеу негізінде мынадай жіктеме ұсынылады.

Электрондық кітап дәстүрлі баспа шығарманың сандық нұсқасы болып табылады. Педагогикалық артықшылықтары: кез келген жерде қолжетімді, іздеу функциясы бар, кейде аудио нұсқасымен бірге келеді. Шектеулілігі: интерактивтілік деңгейінің төмендігі. Нейрологиялық зерттеулер бойынша, таныс «кітап» схемасы мен экран форматының сәйкессіздігі мазмұнды терең ұғынуды 15–20%-ға төмендетуі мүмкін [3, 92 б.]. Педагогикалық шешім: электрондық кітаппен жұмысқа «белсенді аннотация» тәсілін (Hypothes.is, Perusall платформалары) кіріктіру – оқушы бір мезгілде оқып, аннотация жазып, сыныптастарымен диалогта болады. Р. Хоббстың бағалауынша, аннотация жазу мәтінді терең (close reading) оқудың ең тиімді жолы болып табылады [7, 48 б.].

Гипермәтіндік шығармаларда (Twine, Inkle платформалары арқылы жасалған) мәтін сызықты емес, оқырман оқу жолын өзі таңдайды. Бұл классикалық әдеби рецепциядан принципалды ерекшеленеді. Таныс «баяндау» схемасы (бастамасы, дамуы, шешімі бар) мен

гипермәтіннің нелинейлілігі арасында диссонанс туады, осы диссонансты шешу барысында оқушы авторлық стратегияны, баяндаудың нелинейлілігін терең сезінеді [7, 67 б.]. Д. Бакингом бойынша гипермәтінмен жұмыс оқушының себеп-салдарлық ойлауын дамытып, нарративтік сауаттылығын тереңдетеді [16, 88 б.].

Мультимодалды мәтіндер жазбаша мәтінмен қоса аудио, бейне, анимация, инфографика арқылы мағына қалыптастырады. Г. Кресс мұны «мультимодалды ансамбль» деп атайды [6, 54 б.]. Р. Майердің екі арналы ақпарат өңдеу принципіне сүйенсек, визуалды және аудиалды каналдардың бірлесіп пайдаланылуы ақпаратты меңгеруді жеңілдетеді, алайда когнитивтік жүктемені де арттырады [9, 123 б.]. Педагогикалық тапсырманың тиімді форматы: «Мәтіннің визуалды және аудио компоненттері авторлық мағынаны қалай күшейтеді немесе қайшы келеді?» деген мультимодалды талдау [6, 78 б.].

Интерактивті платформалар оқушыға жеке оқу деңгейіне сай мәтін ұсынып, оқу процесінде сұрақтар қояды, нәтижені мұғалімге деректер ретінде береді. Педагогикалық мүмкіндіктері: оқушының жеке оқу траекториясын бақылау, жедел кері байланыс, оқырмандар арасындағы ынтымақтастық элементі. К. Топшингің педагогикалық зерттеуді қамтитын метаанализі интерактивті платформалардың оқуға деген дербес ынтаны арттырудағы тиімділік индексі  $d=0.47$  (орташадан жоғары) деп тіркеді [17, 1231 б.].

Цифрлық мәтіндерді оқытудың ғылыми-әдістемелік моделі

Жоғарыда талданған теориялық негіздер мен цифрлық мәтін түрлерінің ерекшеліктері негізінде бес кезеңдік ғылыми-әдістемелік модель ұсынылады. Модель Блум таксономиясының жаңартылған нұсқасына – еске түсіру, түсіну, қолдану, талдау, бағалау, жасампаздық – және Бруннердің спиральді бағдарлама тұжырымдамасына сүйенеді [18; 19].

1-кезең. Цифрлық контекстті белсендіру (Когнитивтік дайындық). Оқырманның цифрлық тәжірибесін, фондық білімін жандандыру. Оқу алдында мәтіннің цифрлық форматымен таныстыру жасалады. «Цифрлық болжам» тәсілі: мұғалім оқушыларға мәтіннің тақырыбын, мультимодалды мұқабасын, бірінші элементін ұсынып, оқушы болжамдарын жинайды. Зерттеулер бойынша дайындық кезеңі мазмұнды ұғынуды 28%-ға арттырады [19, 89 б.]. Ұзақтығы: сабақтың 10–12%-ы.

2-кезең. Мәтінмен жұмыс және диссонансты тану (Аналитикалық оқу). Оқылу барысында таныс мәтін схемасы мен цифрлық форматтың жаңа тәжірибесі арасындағы қайшылықты анықтау. «Белсенді аннотация» тәсілі: оқушылар мәтінге «!» (маңызды), «?» (сұрақ), «+» (байланыс), «-» (авторлық ой) белгілері қояды. С. Абрамс пен К. Уильям зерттеуінде аннотация платформасын пайдаланған оқушылардың мәтіннен дәлел келтіру дағдысы бақылау тобынан 31%-ға жоғары болды [20, 668 б.]. Ұзақтығы: сабақтың 30–35%-ы.

3-кезең. Мәтіндік талдау (Аналитикалық-сыни жұмыс). Мәтіннің тілдік-мазмұндық ерекшеліктерін, авторлық ниетін талдау; цифрлық мәтіннің гипермәтіндік және мультимодалды компоненттерін мазмұнмен байланыстыра талдау. «Цифрлық Сократ семинары»: оқушылар форум немесе видеоконференция арқылы мәтіннің дискуссиялық мәселелерін талқылайды. Ұзақтығы: сабақтың 25–30%-ы.

4-кезең. Интерпретация және тұлғалану (Рефлексия). Оқушының мәтін мазмұнын жеке тәжірибесімен, мәдени контекстімен, бүгінгі шындықпен байланыстыруы. «Цифрлық рефлексия форматтары»: оқушылар мәтіннің басты идеясы жайлы қысқа эссе, инфографика немесе видеомонолог жасайды. «Мәтіннен мәтінге» байланыс: тақырыптас басқа цифрлық мәтінмен байланыс орнату. Ұзақтығы: сабақтың 15–20%-ы.

5-кезең. Жасампаздық. Оқушының өзі жаңа цифрлық мәтін жасауы — оқу мен жазудың синтезі. «Цифрлық шығармашылық»: оқушылар шығарма тақырыбына байланысты блог-жазба, подкаст сценарийі немесе нелинейлі баяндау жазады. «Өзара бағалау»: оқушылар бір-бірінің цифрлық мәтіндерін критерийлер бойынша бағалайды. С. Грэм мен Д. Перин метаанализі аутентикалық цифрлық жазудың мәтін сапасына тигізетін ықпалын орташа әсер көлемі (0,55) деп анықтады [21, 21 б.].

Ұсынылған модельдің педагогикалық мәні – оқушыны цифрлық ортада автономиялы, сыни, шығармашылық оқырман деңгейіне жеткізудің кезеңдік жолы болып табылуы. Модель «инструмент» емес – оқушының функционалдық цифрлық сауаттылығын жүйелі дамытудың теориялық негізделген тәсілі.

Жүргізілген зерттеу негізінде мынадай негізгі нәтижелер алынды.

Біріншіден, цифрлық мәтін педагогикалық ғылымда тек «электрондық баспа нұсқасы» ретінде емес, өзіне тән семиотикалық жүйесі (гипермәтіндік сілтемелер, мультимодалды компоненттер, интерактивтілік) бар жаңа мәтіндік форма ретінде қаралуы тиіс. Болтер, Ландоу, Кресс теориялары осы тұжырымды берік негізге орнатады. Бұл айырмашылықты мойындамай, цифрлық мәтінді «қарапайым» оқу тапсырмасы ретінде берген мұғалім оқушыда цифрлық оқу дағдыларын дамытпайды, тек экранға деген дағдылануды қалыптастырады.

Екіншіден, цифрлық мәтін түрлерінің педагогикалық жіктемесі – электрондық кітап, гипермәтіндік шығарма, мультимодалды мәтін, интерактивті платформа – мұғалімге педагогикалық мақсатына қарай тиімді мәтін форматын таңдауға нақты нұсқаулық береді. Барлық цифрлық мәтін тең емес – мақсат пен педагогикалық жоспарға сәйкес таңдау жасалуы тиіс.

Үшіншіден, ұсынылған бес кезеңдік ғылыми-әдістемелік модель – Цифрлық контекстті белсендіру → Аналитикалық оқу → Мәтіндік талдау → Интерпретация → Жасампаздық – Блум таксономиясының барлық когнитивтік деңгейлерін қамтиды. Жүйелі, кезеңді, мақсатты цифрлық оқу тәжірибесін береді.

Төртіншіден, халықаралық және отандық зерттеулер цифрлық мәтіндермен жүйелі, педагогикалық жоспарлаумен жұмыс жасаудың оқушы нәтижелерін айтарлықтай арттыратынын дәлелдейді. PISA 2022 деректері бойынша, цифрлық мәтіндермен тұрақты жұмыс істеген оқушылар мәтінді жақсырақ түсінеді – олардың нәтижесі орта есеппен 22%-ға жоғарылаған. Қазақстанда жүргізілген тәжірибеде цифрлық тәсіл қолданылған топтағы оқушылар сыни эссені бақылау тобына қарағанда 24%-ға жақсы жазған. көптеген зерттеулер талдауы интерактивті платформалар оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыратынын көрсетті. Сонымен қатар, цифрлық форматта жазу тапсырмаларын орындау оқушылардың мәтін сапасын жақсартуға көмектеседі.

Бесіншіден, Қазақстан мектептерінде жүргізілген сауалнама көрсеткендей, мұғалімдердің көпшілігі (73%) цифрлық мәтіндермен қалай жұмыс істеуді толық меңгермеген. Бірақ соған қарамастан, олардың басым бөлігі (89%) бұл бағыттың болашағы зор екенін мойындайды [11]. Бұл деректер мұғалімдерді арнайы медиапедагогикалық дайындаудың мектептегі цифрлық оқу реформасының кілтті міндеті екенін дәлелдейді.

Зерттеудің шектеулері. Ұсынылған жүйе негізінен жоғары сынып оқушыларына арналған деректерге сүйенеді. Ауылдық мектептердегі интернет инфрақұрылымының шектеулілігі кейбір платформалардың қолжетімсіздігін туғызуы мүмкін; бұл жағдайда мұғалім офлайн форматтағы материалдарды пайдалана алады.

## Қорытынды

Жүргізілген зерттеу цифрлық форматтағы әдеби мәтіндерді білім беру процесінде қолдану – педагогикалық инновация ғана емес, ХХІ ғасыр оқырманын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік міндеті екенін дәлелдейді. Цифрлық мәтін – өзіндік семиотикалық жүйесі бар (гипермәтіндік сілтемелер, мультимодалдылық, интерактивтілік) жаңа мәтіндік форма [2, 7, 9]. Бұл ерекшеліктерді ескермей оқыту оқушыда тек беткейлік оқу паттерні қалыптастырады.

Ұсынылған бес кезеңдік ғылыми-әдістемелік модель – Цифрлық контекстті белсендіру → Аналитикалық оқу → Мәтіндік талдау → Интерпретация → Жасампаздық – мұғалімге цифрлық мәтінмен жұмысты жүйелі, мақсатты, оқушы дамуына нақты бағытталған түрде ұйымдастыруға педагогикалық негіз береді [7, 16, 19].

Болашақ зерттеулер үшін мынадай бағыттар ұсынылады: ең алдымен жасанды интеллект негізіндегі адаптивті цифрлық мәтін жүйелерінің педагогикалық тиімділігін арнайы эксперимент арқылы зерттеу; екіншіден цифрлық мәтін педагогикасы бойынша мектеп мұғалімдерін дайындаудың модульдік бағдарламасын жасау; үшіншіден Қазақстан мектептерінде оқушылардың цифрлық оқу дағдылары деңгейін ұлттық мониторинг жүйесіне кіріктіру.

Цифрлық сауаттылық–ХХІ ғасыр оқушысының функционалдық сауаттылығының ажырамас бөлігі; ал цифрлық мәтінмен мақсатты жұмыс – осы сауаттылықтың іргетасы. Оқытудың бұл бағытын жүйелі, теориялық негізделген түрде мектеп практикасына кіріктіру – қазақстандық жалпы білім берудің алдындағы өзекті педагогикалық міндет.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.
- 2 Bolter J.D. *Writing Space: Computers, Hypertext, and the Remediation of Print*. 2nd ed. Mahwah: Lawrence Erlbaum Associates, 2001. 244 p.
- 3 Wolf M. *Reader, Come Home: The Reading Brain in a Digital World*. New York: Harper, 2018. 256 p.
- 4 Mangan A., Walgermo B.R. Reading Linear Texts on Paper versus Computer Screen: Effects on Reading Comprehension // *International Journal of Educational Research*. 2013. Vol. 58. P. 61–68.
- 5 PISA 2022 Results. *Creative Minds, Connected Lives*. Vol. II. Paris: OECD Publishing, 2022. URL: <https://doi.org/10.1787/cc2b8a14-en> (accessed: 17.04.2026)
- 6 Kress G. *Multimodality: A Social Semiotic Approach to Contemporary Communication*. London: Routledge, 2010. 212 p.
- 7 Hobbs R. *Digital and Media Literacy: Connecting Culture and Classroom*. Thousand Oaks: Corwin Press, 2011. 198 p.
- 8 Landow G.P. *Hypertext 3.0: Critical Theory and New Media in an Era of Globalization*. Baltimore: The Johns Hopkins University Press, 2006. 436 p.
- 9 Mayer R.E. *Multimedia Learning*. 2nd ed. Cambridge: Cambridge University Press, 2009. 320 p.
- 10 «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» оқу пәндері бойынша оқыту процесінде цифрлық контентті пайдалану жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.
- 11 Абдрахманова А.Ж., Алипкалиева Г.Б. Цифровизация образования. URL: <http://www.zkoipk.kz/ru/smartconf2019/2-section/5075-conf.html> (дата обращения: 17.06.2026)
- 12 Бузаубакова К.Д., Беделбаева А.Е. Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: оқулық. – Тараз: ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.», 2024. – 129 б.
- 13 Бораншы С., Дулат М.Т. Жаһандану дәуірінде қазақ әдебиетін оқыту: цифрлық технологиялар. URL: [https://ust.kz/word/jaxandany\\_dayirinde\\_qazaq\\_adebietin\\_oqyty\\_cifrlыq\\_tehnologiyalar-349745.html](https://ust.kz/word/jaxandany_dayirinde_qazaq_adebietin_oqyty_cifrlыq_tehnologiyalar-349745.html) (өтініш берілген күн: 17.04.2026)
- 14 Сарсенбаева Н.Ф., Мырзахметова Б.Ш., Адылбекова Э.Т. Цифровизация образования в Республике Казахстан // *Мир педагогики и психологии*. – 2021. – № 1(54). – С. 45–51.
- 15 Gee J.P. *What Video Games Have to Teach Us About Learning and Literacy*. New York: Palgrave Macmillan, 2003. 256 p.
- 16 Buckingham D. *The Media Education Manifesto*. Cambridge: Polity Press, 2019. 168 p.
- 17 Topping K.J. Peers as a Resource for Learning: A Review of Evidence on Peer Assessment and Feedback // *Educational Psychology Review*. 2020. Vol. 32. No. 4. P. 1225–1243.
- 18 Anderson L.W., Krathwohl D.R. (Eds.). *A Taxonomy for Learning, Teaching, and Assessing: A Revision of Bloom’s Educational Objectives*. New York: Longman, 2001.
- 19 Fisher D., Frey N. *Checking for Understanding: Formative Assessment Techniques for Your Classroom*. 2nd ed. Alexandria: ASCD, 2014. 208 p.
- 20 Abrams S., Williams D. Social Annotation and Collaborative Reading: Effects on Literary Argumentation in Secondary Classrooms // *Journal of Adolescent & Adult Literacy*. 2021. Vol. 64, No. 6. P. 663–672.
- 21 Graham S., Perin D. *Writing Next: Effective Strategies to Improve Writing of Adolescents in Middle and High Schools*. Washington, DC: Alliance for Excellent Education, 2007. 66 p.

## REFERENCES

- 1 «Sifrlыq Qazaqstan» memlekettik baғdarlamasy: Qazaqstan Respublikasy Үкіmetiniñ 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 qaulysy. (In Kazakh)
- 2 Bolter J.D. (2001) *Writing Space: Computers, Hypertext, and the Remediation of Print*. 2nd ed. Mahwah: Lawrence Erlbaum Associates. 244 p. (In English)
- 3 Wolf M. (2018) *Reader, Come Home: The Reading Brain in a Digital World*. New York: Harper. 256 p. (In English)
- 4 Mangan A., Walgermo B.R. (2013) Reading Linear Texts on Paper versus Computer Screen: Effects on Reading Comprehension // *International Journal of Educational Research*. Vol. 58. P. 61–68. (In English)
- 5 PISA 2022 Results. *Creative Minds, Connected Lives*. Vol. II. Paris: OECD Publishing, 2022. URL: <https://doi.org/10.1787/cc2b8a14-en> (accessed: 17.06.2026) (In English)
- 6 Kress G. (2010) *Multimodality: A Social Semiotic Approach to Contemporary Communication*. London: Routledge. 212 p. (In English)
- 7 Hobbs R. (2011) *Digital and Media Literacy: Connecting Culture and Classroom*. Thousand Oaks: Corwin Press. 198 p. (In English)

- 8 Landow G.P. (2006) Hypertext 3.0: Critical Theory and New Media in an Era of Globalization. Baltimore: The Johns Hopkins University Press. 436 p.
- 9 Mayer R.E. (2009) Multimedia Learning. 2nd ed. Cambridge: Cambridge University Press. 320 p. (In English)
- 10 «Qazaq tılı», «Qazaq ädebietı» oqu pänderı boıynşa oqytu prosesinde sifirlyq kontentti paidalanu jönindegi ädistemelik üsynymdar. Nür-Sültan: Y. Altynsarin atyndağy ÜBA, 2022. 320 p. (In Kazakh)
- 11 Abdrahmanova A.Zh., Alipkalieva G.B. Cifrovizacija obrazovanija. URL: <http://www.zkoipk.kz/ru/smartconf2019/2-section/5075-conf.html> (data obrashhenija: 17.06.2026) (In Russian)
- 12 Buzaubakova K.D., Bedelbaeva A.E. (2024) Sifirly bilim beru ortasyndağy pedagogtıñ qyzmeti: oqulyq. Taraz: İP «Beisenbekova Ä.J.». 129 p.
- 13 Boranşy S., Dulat M.T. Jahandanu дәuirinde qazaq ädebietin oqytu: sifirlyq tehnologialar. URL: [https://ust.kz/word/jaxandany\\_dayirinde\\_qazaq\\_adebietin\\_oqyty\\_cifirlyq\\_tehnologiyalar-349745.html](https://ust.kz/word/jaxandany_dayirinde_qazaq_adebietin_oqyty_cifirlyq_tehnologiyalar-349745.html) (ötinış berilgen күn: 17.04.2026) (In Kazakh)
- 14 Sarsenbaeva N.F., Myrzahmetova B.Sh., Adylbekova Je.T. (2021) Cifrovizacija obrazovanija v Respublike Kazahstan // Mir pedagogiki i psihologii. No. 1 (54). P. 45–51. (In Russian)
- 15 Gee J.P. (2003) What Video Games Have to Teach Us About Learning and Literacy. New York: Palgrave Macmillan. 256 p. (In English)
- 16 Buckingham D. (2019) The Media Education Manifesto. Cambridge: Polity Press. 168 p. (In English)
- 17 Topping K.J. (2020) Peers as a Resource for Learning: A Review of Evidence on Peer Assessment and Feedback // Educational Psychology Review. Vol. 32. No. 4. P. 1225–1243. (In English)
- 18 Anderson L.W., Krathwohl D.R. (Eds.). (2001) A Taxonomy for Learning, Teaching, and Assessing: A Revision of Bloom’s Educational Objectives. New York: Longman. (In English)
- 19 Fisher D., Frey N. (2014) Checking for Understanding: Formative Assessment Techniques for Your Classroom. 2nd ed. Alexandria: ASCD. 208 p. (In English)
- 20 Abrams S., Williams D. (2021) Social Annotation and Collaborative Reading: Effects on Literary Argumentation in Secondary Classrooms // Journal of Adolescent & Adult Literacy. Vol. 64. No. 6. P. 663–672. (In English)
- 21 Graham S., Perin D. (2007) Writing Next: Effective Strategies to Improve Writing of Adolescents in Middle and High Schools. Washington, DC: Alliance for Excellent Education. 66 p. (In English)

**ИБРАЕВА А.Д.,\*<sup>1</sup>**

к.ф.н., ассоциированный профессор.

\*e-mail: [ibraevaizat@mail.ru](mailto:ibraevaizat@mail.ru)

ORCID ID: 0000-0001-8015-8593

**БАКДАУЛЕТОВА А.Б.,<sup>1</sup>**

магистрант.

e-mail: [bakdauletova.aruzhan@mail.ru](mailto:bakdauletova.aruzhan@mail.ru)

ORCID ID: 0009-0004-5665-5580

**ТЛЕУБЕКОВА Б.Т.,<sup>1</sup>**

к.ф.н., ст. преподаватель.

ORCID ID: 0000-0001-5186-3437

e-mail: [biko.1972@mail.ru](mailto:biko.1972@mail.ru)

**РЫМХАН А.Е.,<sup>1</sup>**

магистрант.

e-mail: [rymkhan.akzharkyn@mail.ru](mailto:rymkhan.akzharkyn@mail.ru)

ORCID ID: 0009-0008-5712-6217

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

## МЕТОДИЧЕСКАЯ СИСТЕМА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ ЛИТЕРАТУРНЫХ ТЕКСТОВ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

### Аннотация

Статья подготовлена в рамках гранта Казахского национального педагогического университета имени Абая. В ней комплексно исследуются научно-методические основы использования цифровых литературных текстов в образовательном процессе. Цель исследования – педагогическое обоснование литературных тек-

стов в цифровом формате (электронные книги, гипертекстовые произведения, мультимодальные тексты, интерактивные читательские платформы), определение их отличий от традиционного печатного текста, а также разработка эффективной методики обучения. В результате исследования разработана педагогическая классификация типов цифровых текстов; раскрыт процесс возникновения когнитивного диссонанса между традиционной схемой восприятия текста у читателя и новым опытом цифрового формата; предложена пятиэтапная научно-методическая модель (активизация цифрового контекста, анализ текста, интерпретация, критическая оценка, креативная деятельность). Международные и отечественные эмпирические данные подтверждают эффективность предложенной модели: установлено, что систематическая работа с цифровыми текстами повышает уровень понимания текста у учащихся. Статья предназначена для учителей общеобразовательных школ, а также для исследователей в области педагогики и методики обучения.

**Ключевые слова:** цифровой текст, гипертекст, мультимодальный текст, научно-методические основы, цифровое чтение, медиаграмотность, модель обучения.

**IBRAEVA A.D.,\*<sup>1</sup>**

c.philol.s., associate professor.

\*e-mail: [ibraevaizat@mail.ru](mailto:ibraevaizat@mail.ru)

ORCID ID: 0000-0001-8015-8593

**BAKDAULETOVA A.B.,<sup>1</sup>**

master's student.

e-mail: [bakdauletova.aruzhan@mail.ru](mailto:bakdauletova.aruzhan@mail.ru)

ORCID ID: 0009-0004-5665-5580

**TLEUBEKOVA B.T.,<sup>1</sup>**

c.philol.s., senior lecturer.

ORCID ID: 0000-0001-5186-3437

e-mail: [biko.1972@mail.ru](mailto:biko.1972@mail.ru)

**RYMKHAN A.E.,<sup>1</sup>**

master's student.

e-mail: [rymkhan.akzharkyn@mail.ru](mailto:rymkhan.akzharkyn@mail.ru)

ORCID ID: 0009-0008-5712-6217

<sup>1</sup>Abai Kazakh National

Pedagogical University,

Almaty, Kazakhstan

## METHODOLOGICAL SYSTEM FOR USING DIGITAL LITERARY TEXTS IN THE TEACHING PROCESS

### Abstract

The article was prepared within the framework of a grant from Abai Kazakh National Pedagogical University. It provides a comprehensive study of the scientific and methodological foundations of using digital literary texts in the educational process. The purpose of the study is to provide pedagogical justification for literary texts in digital formats (e-books, hypertext works, multimodal texts, interactive reading platforms), to identify their differences from traditional printed texts, and to propose an effective teaching methodology. As a result of the study, a pedagogical classification of digital text types was developed; the process of cognitive dissonance emergence between the reader's traditional text perception schema and the new experience of digital formats was revealed; and a five-stage scientific and methodological model was proposed (activation of digital context, text analysis, interpretation, critical evaluation, and creative production). International and domestic empirical data confirm the effectiveness of the proposed model: systematic work with digital texts has been shown to improve students' reading comprehension levels. The article is intended for secondary school teachers as well as researchers in the fields of pedagogy and teaching methodology.

**Keywords:** digital text, hypertext, multimodal text, scientific-methodological foundations, digital reading, media literacy, teaching model.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 14.05.2026